

Банк кепілдігі және кепілдеме туралы кредиттік есепті беру, борышкер-тұлғаның өзі туралы және оның пайдасына банк шығарған кепілдіктер немесе кепілдемелер туралы мәліметтерді банктің кредиттік бюроға беруіне келісімін ресімдеу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 13 ақпандағы № 36 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 30 наурызда № 7498 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 310 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.12.2016 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банк қызметін және қаржы ұйымдарын тәуекелдерді азайту тұрғысынан реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген Банк кепілдігі және кепілдеме туралы кредиттік есепті беру, борышкер-тұлғаның өзі туралы және оның пайдасына банк шығарған кепілдіктер немесе кепілдемелер туралы мәліметтерді банктің кредиттік бюроға беруіне келісімін ресімдеу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк

Төрағасы

Г. Марченко

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2012 жылғы 13 ақпандағы
№ 36 қаулысымен бекітілген

Банк кепілдігі және кепілдеме туралы кредиттік есепті ұсыну, борышкер-тұлғаның өзі туралы және оның пайдасына банк шығарған кепілдіктер немесе кепілдемелер туралы мәліметтерді банктің кредиттік бюроға беруіне келісімін ресімдеу қағидалары

Осы Қағидалар "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленген және кредиттік бюроның кредиттік есепті алушыларға банк кепілдігі және кепілдеме туралы кредиттік есепті ұсыну тәртібін, борышкер-тұлғаның өзі туралы және оның пайдасына банк шығарған кепілдіктер және кепілдемелер туралы мәліметтерді банктің кредиттік бюроға беруіне келісімдерінің нысанын белгілейді.

1. Кредиттік бюро банк кепілдігі немесе кепілдеме туралы кредиттік есепті Заңның 29-бабының 1-тармағында және 30-3-бабының 1-тармағында көзделген негіздер бойынша оны алуға құқылы тұлғаның сұрау салуы бойынша ұсынады.

Бұл ретте банк өзінің пайдасына банк кепілдігін немесе кепілдеме берген тұлға банк кепілдігі немесе кепілдеме туралы кредиттік есепті алу үшін банк кепілдігінің немесе кепілдеменің нотариатта куәландырылған көшірмесін қоса бере отырып, қағаз нысанда өзінің пайдасына шығарылған банк кепілдігі немесе кепілдеме туралы кредиттік есепті алу туралы сұрау салу береді.

2. Кредиттік есепті алушының борышкер-тұлғаның пайдасына шығарылған банк кепілдігі немесе кепілдеме туралы кредиттік есепті алу туралы сұрау салуында Заңның 30-1-бабының 3-тармағында көрсетілген ақпарат қамтылады.

Заңның 30-1-бабы 3-тармағының б) тармақшасында көзделген ақпарат кредиттік есепті алушыда болған кезінде көрсетіледі.

3. Кредиттік бюро кредиттік бюроға осы Қағидалардың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген сұрау салулар түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде банк кепілдігі немесе кепілдеме туралы кредиттік есепті алушыға Заңның 30-1-бабының 3-тармағында көзделген ақпараттан өзге банктің кредиттік бюроға өздерінің арасында ақпарат беру туралы жасалған шарт негізінде беретін ақпараты қамтылатын банк кепілдігі немесе кепілдеме туралы кредиттік есепті береді.

4. Кредиттік бюро кредиттік есепті алушыға банк кепілдігі және кепілдеме туралы кредиттік есепті қолма-қол тапсырады не ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын қолдану арқылы электронды нысанда жібереді.

5. Борышкер-тұлғаның өзінің пайдасына банк шығарған кепілдіктер немесе кепілдемелер туралы мәліметтерді банктің кредиттік бюроға беруіне келісімі осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес ресімделеді.

6. Борышкер-тұлғаның өзінің пайдасына банк шығарған кепілдіктер немесе кепілдемелер туралы кредиттік есепті беруге келісімі осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес ресімделеді.

Банк кепілдігі және кепілдеме туралы
кредиттік есепті беру,
борышкер-тұлғаның
өзі туралы және оның пайдасына

банк шығарған кепілдіктер немесе
кепілдемелер туралы мәліметтерді
банктің кредиттік бюроға беруіне
келісiмiн ресiмдеу қағидаларына
1-қосымша

**Борышкер-тұлғаның өзінің пайдасына банк шығарған кепілдіктер
немесе кепілдемелер туралы мәліметтерді банктің кредиттік
бюроға беруіне келісімі**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
26.04.2013 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

_____ жылғы " __ " _____ жергілікті уақыт ___ сағат __ минут
Жеке тұлға үшін _____

—

(тегі, аты, бар болса – әкесінің аты, туған күні және жері,
тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен күні,
салық төлеушінің тіркеу нөмірі немесе жеке сәйкестендіру нөмірі)
Заңды тұлға үшін

(толық атауы, орналасқан жері, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу)
туралы анықтамаға немесе куәлікке сәйкес тіркеу нөмірі,
бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе оның мемлекеттік тіркелу заңнамасы
бойынша заңды тұлғаны (Қазақстан Республикасының резиденті еместі)
сәйкестендіру үшін ресми пайдаланылатын өзге бірегейлендіру нөмірі)

(банктің(тердің) атауы көрсетілсін)
өзінің пайдасына банк шығарған кепілдіктер немесе кепілдемелер туралы
ақпарат

(кредиттік бюроның атауы көрсетілсін)

банк ақпарат беру туралы шарт жасасқан кредиттік бюроға (егер осы келісімді ресімдейтін банк Заңның 30-1-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағындағы кредиттік бюроға ақпарат беретін болса) берілетініне осы келісімді береді

(жеке тұлға үшін: өз қолымен тегі, аты және бар болса – әкесінің аты көрсетіледі, жеке қолы қойылады;
заңды тұлға үшін: заңды тұлғаның атауы көрсетіледі, сенімхаттың деректемелері көрсетіле отырып, егер тұлға заңды тұлғаның атынан сенімхат негізінде іс-қимыл жасайтын болса, сенімхаттың түпнұсқасы қоса беріле отырып, заңды тұлға осы келісімге қол қоюға уәкілетті еткен тұлғаның қолы қойылады)

(осы келісімді қабылдаған банктің атауы; осы келісімді қабылдауға уәкілетті тұлғаның тегі, аты-жөні және қолы).

Банк кепілдігі және кепілдеме туралы
кредиттік есепті беру,
борышкер-тұлғаның
өзі туралы және оның пайдасына
банк шығарған кепілдіктер немесе
кепілдемелер туралы мәліметтерді
банктің кредиттік бюроға беруіне
келісімін ресімдеу қағидаларына
2-қосымша

Борышкер-тұлғаның банк кепілдігі және кепілдеме туралы кредиттік есепті беруге келісімі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 26.04.2013 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

_____ жылғы "___" _____ жергілікті уақыт ___ сағат _____ минут

Жеке тұлға үшін

(тегі, аты, бар болса – әкесінің аты, туған күні және жері,
тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен күні)
Заңды тұлға үшін

(толық атауы, орналасқан жері, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу)
туралы анықтамаға немесе куәлікке сәйкес тіркеу нөмірі, немесе оның
мемлекеттік тіркелу бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе оның
мемлекеттік тіркелу заңнамасы бойынша заңды тұлғаны сәйкестендіру
үшін ресми пайдаланылатын өзге бірегейлендіру нөмірі)
банк өзінің пайдасына берген және кредиттік бюролардағы банк
кепілдіктері немесе кепілдемелер туралы ақпарат осы келісімді
қабылдаған кредиттік бюродан ақпарат алушыға жария етілетініне осы
келісімді береді

(жеке тұлға үшін: өз қолымен тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)
көрсетіледі, жеке қолы қойылады;
заңды тұлға үшін: заңды тұлғаның атауы көрсетіледі, сенімхаттың
деректемелері көрсетіле отырып, егер тұлға заңды тұлғаның атынан
сенімхат негізінде іс-қимыл жасайтын болса, сенімхаттың түпнұсқасы
қоса беріле отырып, заңды тұлға осы келісімге қол қоюға уәкілетті
еткен тұлғаның қолы қойылады)

(осы келісімді қабылдаған банктің атауы; осы келісімді қабылдауға
уәкілетті тұлғаның тегі, аты-жөні және қолы).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК